

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series of «Philological sciences»
№ 3 (57), 2016**

Алматы

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы
№ 3 (57), 2016 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:

пед.ғыл.д., проф.

ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Б.Ө.Сманов**

Бас ред. орынбасары:

пед.ғыл.д., проф.

ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Ф.Ш. Оразбаева**

Ғылыми редакторлар:

филол.ғ.д., проф. **Т.С. Тебегенов,**

филол.ғ.д., проф. **С.Ж. Әбішева**

Редакциялық алқа мүшелері:

филол.ғыл.д., проф. **Б.Әбдіғазизұлы,**

пед.ғ.д. **С.Б. Бегалиева,**

пед.ғ.д. **Р.Ә. Шаханова,**

филол.ғ.д., проф. **К.И. Мирзоев,**

пед.ғ.д., проф. **Ж.К. Балтабаева,**

проф. **Барри Пол Шерр (АҚШ),**

филол.ғ.к., доцент **Е.В. Казарцев (Ресей),**

филол.ғ.д., проф. **Г.Л. Нефагина (Польша),**

филол.ғ.д., проф. **А.К. Киклевич (Польша),**

п.ғ.д. **Н.И. Ишекеев (Қырғызстан),**

проф. **Спендель Джованна (Италия),**

проф. **Хатрани Алтынчач (Түркия),**

проф. **Мехмет Куталмиш (Түркия),**

PhD докторы, проф. И.З. Белобровцева

(Эстония),

пед.ғ.д. **Чан Дин Лам (Вьетнам)**

Жауапты хатшы:

филол.ғ.к. **А.Д. Ибраева**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2016

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109 - Ж

Басуға 30.06.2016 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 30,8 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 99.

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

ТІЛ БІЛІМІ

Аббасов А. Көптілді терминологиялық сөздіктердегі негізгі сөздер.....	3
Абнасырова Р.Ж. Қазақстандағы қазақ-орыс көптілділігінің көрінісі.....	7
Айдарбек Қ.Ж., Сүйеркүл Б.М. Ғылыми дискурстағы кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуы жайында.....	12
Ақбердыева Б.Қ. Тілдегі семантикалық үдерістердің психологиялық негіздері.....	16
Ақкөзова А. Ә., Қайырбекова Ұ.С. Коммуникациялық бірліктердің сөйлеу актілер теориясындағы көрінісі.....	20
Әлиев И.Б. Сөз тіркестерін жасау және таратуы бойынша сандар әлеуеті.....	24
Ахметова Ж.Б., Задаева А.А. Көптілді білім беру ортаның педагогикалық кадрларды дайындаудағы ролі.....	29
Махметова Д.М., Бекмашева Б.Н. Жаңа терминологиялық сөздерді арнайы мақсаттағы ағылшын тілі сабағында үйретудің әдістері.....	33
Бисенбаева М.К. Этномәдени деректер –антропоэекті бағыт арнасында.....	38
Бөгенбаева Ә.Б. Креативті ойлаудың тіл дамытудағы маңызы..	43
Боранбаев С.Р. Қазақ мәдениетіне қатысты дереккөздер лексикасының зерттелуі жайы.....	48
Амирбекова А. Б., Бөбеева С.М. Электронды БАҚ және электронды қарым-қатынас ерекшеліктері.....	52
Джафарзаде М. В. Мюхибби «Дивандағы» фразеологиялық тіркестер.....	57
Егеубаева К. Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің даму сипаты.....	62
Еркегалиева Г.А. Синтаксистік синтагма және оның әлемдік лингвистикада зерттелуі жайы.....	66
Есенова Қ.Ө. Өзге тілді аудиторияда қазақ тілін оқыту барысында лингвомәдениеттанымдық біліктілікті қалыптастыру жолдары.....	70
Исаева Ж.И. Қ.Жұбанов және білім берудің жаңа парадигмасы (оқытудың жаңа технологиясы).....	75
Камалова А.С. Академиялық ортада код ауыстыру бірліктерін айқындау.....	80
Қайдарова Г. К., Сүгірова С. Е. Дыбыс тіркестерінің мәтін құраушы тілдік бірлік екендігі жайында қарастылуы.....	84
Молдашова Ф.Қ. Қазақ тіліндегі этномаркерленген тіл бірліктерінің трансляциясы.....	89
Немышева Г. С. Қазақ және ағылшын проксемикалық мінез-құлықтарындағы ұқсастық пен айырмашылықтар.....	93
Оңласынова Д.С. Дауыс тонының маңыздылығы.....	97
Садықбеков Қ. Мәмлүк қыпшақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі (кітаб муқаддима әбу ләйс әс-самарқанди ескерткіші негізінде).....	101
Шнайдер В. А., Асқарова Н.С. Кірме сөздер есебінен жасалған күрделі сөздер.....	107

ӘДЕБИЕТТАНУ

Абитжанова Ж.А. Иминова З.А. М.Шаханов шығармалары тіліндегі метонимиялар мен кейіптеулердің қолданысы.....	111
Ашимова М. Г. М.Мағауиннің «Коммунистік реализміндегі» көркемдік ерекшеліктері.....	115
Әбдікүлова Р. М. Ашық монолог құрылымы.....	120
Бұзаубағарова Қ.С., Зауқымбекова Т. Мухтар Әуезовтің алғашқы әңгімелеріндегі шеберлігі туралы.....	123
Джафарова Ш. Әзірбайжан және орыс ертегілерінің түрлері.....	127
Даутова Г. Башқұрт халық эпостарындағы батыр бейнесінің спецификасы.....	131

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки»

№ 2 (56), 2016 г.

Периодичность – 4 номера в год.

Выходит с 2000 года.

Главный редактор:

д.пед.н., проф. чл.-корр. НАН РК Б.У.Сманов

Зам. гл. редактора:

д.пед.н., проф. чл.-корр. НАН РК

Ф.Ш. Оразбаева

Научные редакторы:

д.филол.н., проф. Т.С. Тебегенов,

д.филол.н., проф. С.Ж. Абишева

Члены редколлегии:

д.филол.н., проф. Б.Абдигазизулы,

д.п.н. С.Б. Бегалиева,

д.п.н. Р.А. Шаханова,

д.филол.н., проф. К.И. Мирзоев,

д.п.н., проф. Ж.К. Балтабаева,

проф. Барри Пол Шерр (США),

к.филол.н., доцент Е.В. Казарцев (Россия),

д.филол.н., проф. Г.Л. Нефагина (Польша),

д.филол.н., проф. А.К. Киклевич (Польша),

д.п.н. Н.И. Ишекеев (Кыргызстан),

проф. Спендель Джованна (Италия),

проф. Хатрани Алтынчач (Турция),

проф. Мехмет Куталмиш (Турция),

доктор PhD, проф. И.З. Белобровцева

(Эстония),

д.п.н. Чан Дин Лам (Вьетнам)

Ответственный секретарь:

к.филол.н. А.Д. Ибраева

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2016

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации РК 8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 30.06.2016.

Формат 60x84 1/8. Объем 30,8 уч.-изд.л.

Тираж 300 экз. Заказ 99.

050010, г. Алматы,

пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»

Казахского национального педагогического университета имени Абая

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысының «Филология ғылымдары» сериясы ғылыми жұмыстардың негізгі нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілген.

На основании приказа №1082 от 10 июля 2012 года Комитетом по контролю в сфере образования и науки республики Казахстан Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных результатов научной деятельности.

Жұматаева А. Несіпбек Дәутайұлы әңгімелеріндегі ұлттық характер.....	140
Ибраева А.Д. С. Асылбекұлы шығармаларының жазылу тарихы.....	145
Кәдірханова С. С.«Шора батыр» жырының зерттелуі жайында бірер сөз (қазақ, қарақалпақ, ноғай жырларының негізінде).....	150
Қамарова Н. С. Мақтымқұлының өміршең жырлары.....	155
Мәмбетов Ж.О. Мұрат Шаймаранның лирикасы.....	159
Мамедова Ш. В. Төңкеріске дейінгі әзірбайжан әдебиетіндегі әйелдер бейнесі.....	163
Сарбасов Б.С. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырындағы жер-су аттары.....	169
Sultan Y. The genre modification of modern Kazakh novels	175
Хамзин М. Б.Майтанов және қазақ әдебиеттану ғылымы.....	179
Хужахметов А.О. М. Муллакаева «Нэнэй» повесіндегі бейне трансформациясы.....	188

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Батаева А. Шетел тілін үйретудегі шетел мәдениетінің рөлі...	192
Бердалиева Т.К., Қайбалдиева Б.М., Қуанышбаева Ш.С. Ақпараттық білім беру кеңістігіндегі IT-технология.....	203
Жұмақаева Б.Д. Лирикалық шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру жолдары (м.мақатаев өлеңдері мысалында).....	206
Қадырқұлов Қ.Ш., Садыкова Р.К. Етіс категориясын оқытудың көкейкесті мәселелері.....	207
Қайбалдиева Б.М.,Мезгильбаева З.М., Қуанышбаева Ш.С. Кәсіби бейімделген ағылшын тілін үйретудің іскерлік коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.....	209
Кудрявцева Е.Л., Жанпейісова Н.М. Халықаралық көпмәдениетті білім беру кеңістігінде желілік әрекеттесу перспективалары.....	212
Парманкулова Д.Р. Шет тілдерін оқыту үрдісінде жана технологияның қолдану тиімділігі.....	216
Сапарбаева Қ.Ж., Мыңбаева А.П. Аудиториядан тыс балалар әдебиеті курсы бойынша тіл мәдениетін дамыту.....	219
Сапарова Г.З. Обучение произношению в процессе изучения русского как иностранного.....	224
Тоғжанова Л.К. Тілдік емес жоғарғы оқу орнында орыс тілін оқытуда мәтіндердегі экономикалық терминдермен жұмыс жасау туралы.....	229

ЖУРНАЛИСТИКА

Баймолда Д. Журналистика саласына қатысты сөздік жасаудың маңызы.....	234
Сердәлі Б. К. Рг-медиа – баспасөз қызметінің бір саласы.....	237

АУДАРМАТАНУ

Жұмақаева Б.Д., Аманғалиева З.Т. Джек Лондонның «Киш туралы» әңгімесінің қазақ тіліндегі аударма нұсқалары.....	242
Оңғарбаева А.Т. Үштілділік шарттарында клише жасалған формулаларды аудару ерекшеліктері.....	246
Сейденова С.Д., Қоңырбекова Т.О. Экспрессивтік элементтерді көркем әдебиетте аудару жолдары.....	250

ҚАЛАМҒЕР ҚҰПИЯСЫНАН СЫР

Ибраева А.Д. Қуандық Түменбаевпен шығармашылығы жайында сұқбат	
--	--

ӘОЖ УДК 398;801.8

БАШҚҰРТ ХАЛЫҚ ЭПОСТАРЫНДАҒЫ БАТЫР БЕЙНЕСІНІҢ СПЕЦИФИКАСЫ

*Даутова Г.Р. - М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ нің PhD докторанты, d.gulnazik@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: Әзібаева Б.У. – ф.ғ.д. профессор*

Мақалада башқұрт халық эпостарындағы батыр бейнесінің ерекшеліктері қарастырылады. Фольклортанушы ғалымдардың түрлі халықтардың батырлық жырларындағы ұқсастық, сәйкестікті анықтап, жазған пікірлерін пайдалана отырып, башқұрт халық эпостарындағы ортақ жанрлық белгілері, идеялық мазмұны, эпикалық мотивтер мен сюжеттер аясы, маңызды оқиғалар мен образдары анықталды. Фольклорда әрбір батырдың жеке функциясы бар екендігі белгілі. Қазіргі кезде қаншама эпикалық сюжеттер және оларға қаншама батырдың қатысатындығы ғылымның қызықты әрі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Мұны эпикалық сюжеттерінің библиографиялық көрсеткіштерінен қарауға болады. Батырлық жырларда батырлардың ерлігі мен дұшпанға қарсы күресі маңызды орынға ие. Дұшпан келбеті шынайы тарихи дәуірге, жағдайға қарай өзгеріске ұшырап отырды. Ең алғашқы көне эпостарда батыр мифтік кейіпкерлермен жауласса, уақыт өте келе тарихта болып жатқан оқиғаларға қарай жаулары да реалды қасиетке ие дұшпандарға айнала бастайды. Яғни, жезтырнақ, құбыжық, төбекөз, мыстан кемпір, айдаһарлар емес, өзі секілді тірі адамдармен жері, Отаны үшін күресе бастайды.

Түйін сөздер: фольклор, эпос, батыр, башқұрт эпостары, миф, аналогия, салыстырмалы талдау.

Түркі эпостарындағы негізгі кейіпкер – бұл қарапайым халықтың бейбітшілік, бақыт, әділеттілік туралы армандарын жүзеге асыратын жауынгер - батыр бейнесі. Б.Н.Путиловтың пікірінше, батырлар миф пен ескі заманнан енген синтетикалық табиғаттың бейнелері, яғни әдени қаһармандар, тайпа қаһармандары, халықтық, ұлттық, аймақтық классикалық эпос қаһармандарынан жинақталған кейіпкерлер бейнесі болып табылады. Батырлар эпикалық қалалар мен хандықтардың тұрғындары болуы мүмкін немесе өздері сол қаланың басқарушысы, болмаса қатардағы жауынгер ретінде бейнеленіп елінің, туған жерінің алдындағы борышын атқарады. [1, 18-19].

Көптеген фольклортанушы-ғалымдар түрлі халықтардың батырлық жырларындағы сәйкестікке назар аударған. Эпостардағы сәйкестік терең және жан-жақты өзгешелікке ие. Сонымен қатар, сәйкестік эпостың жалпы ортақ жанрлық белгілерін, идеялық мазмұнын, халық қаһармандарының батырлығын дәріптейтін эпикалық мотивтер мен сюжеттер аясын, маңызды оқиғалар мен образдарды, шығарманың жанрлық құрылымы мен оның эволюциясын, эпикалық стильдің ұлттық өзгешелігін, эпикалық мұраның түрлі тарихи дәуірдегі қоғамдық тұрмыс ерекшелігін құрайды.

Салыстырмалы эпостанудың тамыры тереңде жатыр. Әлемдік эпостар бойынша салыстырмалы тәжірибелер көбінесе еуропа және орыс фольклористикасы негізін қалаушыларының ғылыми еңбектерінде басты зерттеу пәні болып табылған. Қазақ және басқа халықтар эпостарының салыстырмалы-типологиялық талдауларындағы ғылыми дәстүр жөнінде сөз қозғағанда А.Н. Веселовский, В.Я. Пропп, Б.Н. Путилов, В.М. Жирмунский сынды орыс ғалымдарымен қатар, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, Б.У.Әзібаева т.б. сынды қазақ ғалымдарының еңбектерін атап өтеміз.

XX ғасырдағы эпосты салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу түбі осы кезге дейін архаикалық баяндаулар арқылы сақталып келген эпикалық сюжеттердің генезисін анықтау мәселелерімен тікелей байланысты болып келді. Біздің байқауымызша, салыстырмалы-тарихи зерттеу біртіндеп типологиялық зерттеуге ұласады. Мысалы, эпикалық баяндау формаларының шығу тегін зерттеу үшін материал ретінде шамандық мифтер, ежелгі адамдар туралы аңыздар қолданылады (В.Я.Пропп, Е.М.Мелетинский). Архаикалық, классикалық эпостарға салыстырмалы талдау жасау арқылы эпикалық сюжеттің даму динамикасын анықтауға мүмкіндік туады. Осыған орай кейбір жағдайда нақты бір эпостың даму сатысын қайта қарауға жол ашылады. В.М.Жирмунскийдің еңбектерінде ғылыми салыстыру кез келген тарихи зерттеудің міндетті элементі және әдіснамаға емес, әдістемеге қатысты деген пікір айтылған. Салыстыру - бұл түрлі мақсат пен түрлі әдістер аясында қолданылатын әдістемелік зерттеу амалы. [2, 75-76]

Зерттеушілер ең алдымен салыстырудың әдістемелік маңызын көрсетіп, соның негізінде басты мәселелер мен фольклорды салыстырмалы талдаудың заманауи қолдану жолдарын реттеуге, дифференциалауға тырысқан. В.М. Жирмунский жаңа деп есептеген зерттеулер мен ғылыми дәстүрге

сүйене отырып, салыстырудың төрт түрін: тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық, тарихи – мәдени және сырттан енген салыстырулар деп ашып көрсетеді және соңғысын бөлек категория ретінде қарастыруға ұсыныс жасайды.

тұлғадағы азамат екенін көрсетеді. Автор реминисценцияны қолданады. Яғни Байбура терісін тірідей сыпырып алған боз бөрі оның құтқарушысына айналады. *«Жетім қарға бөрі басына саңғыған, дүниені ызғар қарыған, ал аңшы болса кекті ызадан қағынған күнде айнала шаңыт тартақан. Шаңыт дүниені дүр еткізгендей болып, кенет қаншық бөрінің үстінен көтерілген будан бөлініп, Байбураға қарай ақ қардың үстін сәулелі нұрмен шомылдырып, беймәлім боз сағым ақты.»* [1,7] *«Тұз тағасындай тегеурінді, темір жүректі Байбураның қолқа-жүрегі алмай құйып жібергендей суып сала берді. Қарақшыдай қалишып қатты да қалды. Қимылдауға дәрмен жоқ. Тек шегір көздері ғана сәулелі сағым соңынан ілескен.*

Ал сағым сәуле болса, бұған құрық бойы жақын келіп, шеңбердей айналды. Бөрі басты сағым сәуле барыс құйрықтанып ұзара берді. Ол бөрі сәулелене сағымданып, ұзара түсіп, мұны шеңберлер алды. Бөрі сұлбалы дөңгеленген алып сағым сәуле бел ортасынан ұзара өсіп кетіпті. Шеңберлей созылған бөрі сұлба құйрық тістесіп, мұны Қытай қорғанындай қоршап тастапты.»[1,7]

Бөрі ұғымы – архетивтік рөл атқарады. Яғни Көк бөрі түркі мифологиясындағы қасиетті ұғым, тотемдік негіз. «Қазақ ертегілерінде алуан түрлі тыйымдар бар, олардың көбісі ежелгі тотемизммен байланысты. Ал, тыйымдардың біразы кейбір жануарларды киелі деп ұғынуға, табиғаттың сұрапыл күштерінен қорқуға байланысты туған болуы керек. Бұл қатарда ақ жылан мен үкіні өлтіруге тыйым салынатынын, ал тыйым бұзылған жағдайда бақытсыздық болатынын айтуға болады. Сол сияқты қасқырдың атын тура атауға болмайды, әйтпесе, ол малға шабады» [3,206].

Сонымен қатар, романдағы мына үзіндіге де жай қарамау керек деген ойға келдім. Мәселен, *«Қара қарға тағы қарқ етіп, шылбыр үзім жатқан бөрінің көзін шоқи бастағанда ғана сағым сұлба оқыс толқып кетті де, дереу жиырыла жиналды. Әп-сәтте құлаштай бөрісұлба сағымға айналып, жансыз жатқан жалаңаш тәні үстіне қалықтай жүзіп барғаны. Оны бірақ кәрі қарға елең құрлы көрмеді: күндіз де, түнде де шырадай жанып, жер-жаһанды шолатын өткір жанарларды қылғыта жұтып, көз ұясының қанын сорып отыр еді.»* [1,7]Қара қарға да символ. Ол бөрінің көзінен тоят алуда. Солай. Бұл жерде қарға өзінің ежелгі тотемдік қызметінен ажырап, тойымсыздықтың, зұлымдықтың символына айналған. Бұнда автор оны кәдімгі ұшып жүрген жануар тұрғысынан, аса бір реңк бермей елеусіздеу көрсеткенімен, көркемдік қызметін айқын ажыратуға болады.

Ендігі жерде бөрісұлба мен қарғаның Байбураның адасып кеткендегі қарым-қатынасы суреттеледі. Байбура адасып, Төребейітті тауып паналайды. Сол кезде ұйықтап кеткен Байбура қарқ еткен қарға дауысынан оянады. «Кеудесінде қаздып қарға отыр да, бейіт ішін боз сәуле кеулеп кетіпті». Екеуі де тотем. Бірақ романдағы қызметі әртүрлі. Қарға жоғарыда айтқанымыздай, әуелгі тотемдік қасиет ұғымынан ажырап, бұл жерде жамандықтың бейнесі болса, бөрі бейне аңыздардағы сол қасиетінен айнымаған реминисценция. Яғни күмбез төбесінен енген ақ сағым арасындағы бөрі сұлба. Шыңғысхан туралы аңыздар да солай айтылады. Аңшы жігіт еріксіз түрде Ана-бөрінің артынан ереді. *«Бойына Бозиесіне деген кәміл сенім ұялаған».* Ана-Бөрі, Бозбөрі, бөрісұлба автордың роман идеясымен алдағы айтылар оқиғаларға қатысын білдіретін стильдік еркшелігі. Андатпа ретінде роман кіріспе бөлімінде бозбала Байбура мен Бозие бозбөрі арасындағы жымдасқан байланыстың басы осылайша аталып өтеді.

А.Алтай шығармашылығына тән ерекшеліктің бірі тек қана көлемді романдары ғана емес, әңгімелері де өзгеше сипатты болып келеді. А.Алтай адам психологиясын ұлтымыздың дүние танымындағы жан-жануарлардың символдық образымен берудің шебері. Осы романдағы Бөрі-Ана сияқты «Қараштың қарасы» әңгімесінде жүйрік атта саналы адамның қабілетімен тең сипатта суреттеледі. «Жазушы бейнелеген жылқы адам психологиясын берудегі, олардың іс-әрекетіндегі, мінезіндегі, «сөйлеуіндегі», өзінше дара, қайталанбаған бітім-болмысты байқатады»[2,111].

«Туажат» романы үш тараудан, әр тарауы бірнеше бөлімдерден тұрады. Туғанынан жат болмысты күй кешкен кейіпкер басындағы махаббат пен ғадауат, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, сатқындық пен тасбауырлық қатар жүреді. Кейіпкер мейілінше жалғыз. Дара. Ешкім оны түсіне алмайды. Жан жарасын сезіне алмайды. Басынан әр түрлі алмағайып, ауыр күндер кешеді. Әйгілі «Желтоқсанның» ызғарын көреді, жаны сүйген жан жарынан көз жазып қалады. «Ауған» соғысының алапатты, жанкешті күндерін бастан өткереді. Соның бәрі оның жанына батады. Жат бауыр, қатыгез етеді. Ортасын жатсынады. Айналасына үркектей қарайды. Өз ортасына сыймай,

туғанынан жат – «ТУАЖАТ» пенделік күй кешеді. Бұл біздің қоғамымыздың «ТУАЖАТТАРЫ». Байбура солардың типтік бейнесі, көркем әдебиеттегі образы.

Романның бірінші тарауы Байбураның Отанына оралуымен басталады. Алматы «көзіне қораш, көңіліне кірбің ұялатып», жан дүниесі жетімсірейді. Қала көркіне, өзгерісіне танданады. Бұрынғы студенттік шағын есіне алады. Тіс дәрігері Болатпен кездейсоқ ұшырасты. Көп жыл көріспеген көне достар келесі де қаланы қыдырып, көңіл көтереді. Ал ескі досы Байбураны қайда апарды? Ондағы Байбураның көңіл толғанысы қалай болды? Автор, сіраә, не айтпақшы? Осы оқиғадағы көздегені не? Бұл оқырманды өзіне баурап алар тұс. Өйткені қазақ қоғамының да келбетінде «өзгерістер» бар.

- *Сау болыңыз! – деді әйел де. — Қызық, жо-о, жұмбақ адам екенсіз! Нағыз «еринтим» (еринтим–еркек-интим – интим еркек – бай әйелдерге барып тұратын еркектерді атағаны. Автордың түсіндірмесі) екенсіз... Жаль! Жигало боп жүргендер садаға кетсін! Сіз нағыздың өзісіз. Тіпті, менің атымды да сұрамадыңыз. .. [1,15]*

- *Ақшаны Болатқа береміз, - деп әйел ренжіп қалғанын білдіріп алды.*

Еринтим сөзі Байбураны таң-тамаша етті. Ақшасы несі? Жигало дегені кім? Бұл сұрақтар Байбураны ойландырады. Өйткені ол сыртта жүрген. Шетелде жүрген өз қазағының өзгерісінен бейхабар. Енді Болаттың сөзіне назар аударайық. «— *Әйел жоқ. Жезөкішелерге бару – қауіпті... Ал бұлар – бай әйелдер. Өз жағдайларын өздері жасаған. ТӘУЕЛСІЗ... Күйеулері де жоқ. Тіпті олар бар болса да, бізге БӘРІБІР емес пе?! Күйлеп жүрген ОЛАР. Жалынышты емеспіз. Олар – жалынышты.*

- *Сонда қалай? Жалынышты... еринтим дей ме?*

Болат бір сәт бұзаған бұрыла қарады.

- *Сен шынымен Ауғанстаннан келген жоқпысың? Бәрі саған таң. Әлде, әдейі істеп келемісің? Мен саған сенбеймін! Түк көрмедім, түк білмеймін дегеніңе түкіргенім бар. Қазір шекара да, шетел де жоқ. Бәрі мидай араласып кеткен. Жұрт дүниені шарлап, жауған бұршақтай шашылып жүр.*

Байбураны ашу қыса бастаса да өзін-өзі ұстады.

- *Сен сенбе, соғыстан келгенім шындық. Мен қазірде өзімді соғыста жүргендей сезініп отырмын. Өмір дегенің соғыс... Қайтем?!*

- *Бура, сен мені қорқытайың дедің... Соғысың не өзіңнің?! Сенің кешегі дұшмандарың бүгін Алматыда сауда жасап жүр. Бірі көкбазарда алхор сатса, бірі барахолкада тері тон саудалайды. Ал қайсы бір пысығы ескі көліктерді шекара асырса, үкіметпен жең ұшынан жалғасқан офицерлері бидай мен бензинді Иран арқылы Атырау мен Ақтаудан аттандырып жатыр...»[1,15]*

Автор ел өміріндегі, қала тірлігіндегі осындай жайсыз, жағымсыз жаңалықтарды Болат арқылы баяндатады. Кейіпкерінің артындағы өзінің де пікірі сол. Бай әйелдердің күйеуге тигісі келмей, өз білгендерін істеуі, ер адамдардың «еринтим» болуы, «мұнар басқан» өзгеріс Байбураны есеңгіретіп тастады. Бұл қазіргі қоғамның ашты шындығы, адамның азғындығын көрсететін көркемдік факт. Тәні тіксіне, жаны жатсына жатырқайды Байбура. Туғанынан жат дүние, жат тірлік, жат адам, жат әйел, жат ер. Брі жат. Автор жат ұғымын көтереді. Бұл жат ұғымы тек қана соғыстан, шетелден келген Байбура үшін ғана емес, бұл жалпы қазақ қоғамына кереғар. «Туажат» ұрпақтар, бөтен пиғылды адамдардың көбеюі. «Жаттық» мотиві.

Түс көру – көркемдік тәсіл. Классикалық туындыларда да, тарихи романдарда да, модернизмдік, постмодернизмдік туындылар да болсын қолданылады. Бұл жөнінде Г.Пірәлиева «Адамның есі бүтін болмайтын күйлері болады. Сондай күйлердің бірі түс көру. Ұйқы дегеніміз мерзімді демеліс, тыныс алыс. Ұйықтаған адамда сана мүлдем болмайды, не кем болады... Шырт ұйқыда жатқанда адам түк сезбейді. Бірер ұйықтап алған соң ұйқы сергек бола бастайды, ұйқылы-ояу деген күйге келеді. Сондай кезде санамыз кіресілі-шығасылы болып, түс көрсек керек. Түс дегеніміз ояуда көретін нәрселеріміздің елесі болады. Түсімізде сол пернелерді өңіміздегі екен деп ойлаймыз», -дейді[3, 271].

Бірақ «Туажат» романында автор түс көруді басқа тұрғыда қолданады. Яғни, Байбура ылғида түс көру арқылы өткеніне оралады. Жалпы жазушы Асқар Алтайдың «Туажат» романының басқа романдардан өзгеше екі түрлі ерекшелігін айта кету керек. Ол бірі – түс арқылы оқиғаны шегіндіре баяндау тәсілі, екіншісі – Байбура қиын жағдайға тап келгендегі Ана-бөрінің сағым сәуле болып келіп қиындықтан құтқаруы.

«— *Сен неге оны іздемедің?»*[1,18] Осы сұрақ пен Қасқыр туралы әңгіме Байбураның өткендегі өмірі мен содан қалған өкінішін қозғайды. Алдыңғысында Алқабегімнен айырылып қалған өкініші болса, кейінгісінде өзіне де беймәлім тылсым күш. Байбура өкініші Алқабегім туралы Болат аузынан естігендерімен тіпті де арта түседі. Романның осы тұсын одан әрі жандандыра түсі үшін автор

қайталауды пайдаланады. «...Дүк...дүк...дүк...дүк...» пен Байбура жүрегінің соғысы «Дүрс...дүрс...дүрс...дүрс...».

Байбура түс көреді. Түсі түс емес, Кавказда өзі бастан кешкен өңі еді. Сұлу Мария-Агата «Қызыл крест – қызыл жарты ай» қоғамымен қиянкескі күндерде Кавказ жеріне дәрігер ретінде келген, аман-есен еліне өткізіп жіберу «аты-заты тұманды адам», «ажал-пенде», «күдіксіз пенде – көлеңкелі адам: санада да, санатта да жоқ. Сұраусыз жан» Байбураға тапсырылады. Шекарашылар мен торуылышылардан жаны қысылғанда осы сәтте Мария-Агата мен Мұхаммед таң қалып «Не боп барады? Мынау не? Орыстың жаңа қаруы ма? Лазер қаруы емес пе?!» деуіне негіз болған, бірақ Төретамда Байбураны бірінші рет құтқарған құтқарушысы боз сәуле пайда болды. Ажал аузынан аман алып қалар Бөрі-Ана оралды.

Мария-Агата мен Байбура арасында махаббат оты тұтанады. Мария Байбураны «арылуға» үндейді. Өзімен бірге Швецияға баруын сұрайды. Байбура «террор» емес, бірақ оны ендігі жерде «террор» ретінде қарайтынын, өміріне тыныштық та, тыным да болмайтынын айтады. Әрине, Байбура бас тартады. Оның азаматтық намысы мен өр рухы бар жібермейді. Бұл арада Байбураның осылай тентіреп жүруіне кім кінәлі? Кінәлі «қоғам мен адам». Жат пиғылды адам жат пиғылды қоғамды тудырды. Бұл бір ғана мемлекет пен, бір ғана ұлтпен шектеліп қалған жоқ. Жалпы адамзат баласын шарпыған. Автор соны дәл тауып көтере білді. Байбураның басындағы жағдай тарихи шындығы басым Ауған соғысының бүкіл әлемдік лаңға айналғаны шындық. Содан қанша адам, қанша ұлт зардап шекті. Жазықсыз жала, сұраусыз қан төгілді.

Екінші тарауда туған жеріне келіп, Төребейітке амандасып, мауқын басады. Ұйықтайды. Тағы да түс көредеі. Енді сәби шағына оралады. Алаңсыз ана құшағындағы сәби шағы. Бір сәтте құйын құбыжыққа айналады да, анасын көкке ұшырып әкетеді. Ал Байбураны бір терекке ілініп тұрған жерінен, ағаш басында Алтайдың ақиық ана қыраны, ал жерде қос бөрі қорғайды. Романда ертегілік сарын осы жерден көрініс табады. Тіпті фантастика сияқты. Әкесі баласын алып келе жатқанда алдарынан қызыл ала, сары ала көйлек киген сұлу қыздар шығады. Олар жын-перілер әкесі мен баласын «жалыны көкке шапшыған от орамына қаарй шаужайдан ала жетектей жөнелісті»[1,30] Ішіндегі біреусін шашынан ұстап, шыңғырта отырып, алтын тілләсын алып, екінші тіпті ұрпағының ұрпағына дейін жоламауға ант ала отырып құтылып шығады.

Байбура өзінің сүйгенін көреді. Бірақ оның нашар халде екені тіпті еңсесін басады. Автор көтеріп отырған тағы да бір ауыр да ауқымды тақырып «Желтоқсан» оқиғасын осы орайда айтпай кету мүмкін емес. Себебі, бұнда автор Алкабегімнің трагедиясымен сол жылғы «Желтоқсан» оқиғасына қатысқан қаншама қазақ қыздарының басына түскен ауыр трагедияны меңзейді. Өте аянышты көрсетеді. Және шындық суреттеледі. Байбура қапияда майданда Алкабегімнен көз жазып, өзі әрең дегенде бас сауғалап ауылына келеді.

Байбура досы Болаттың сатқындығымен қолға түседі. Мария-Агата айтқандай туған елінде де тыныштық көрмейді. Тек боз иесі Бөрі-Ананың көмегімен тағы да құтылады. Мария-Агата мен уәде байласқан жерге баруға бел байлайды. Және сол күніне де жетеді. Екеуі Мұзтауда кездеседі. Қызықты күндерін өткереді. Мария-Агата тағы да өз қолқасын айтады. Швецияға барып, тыныш өмір сүргісі келетінін айтады. Байбура еш көнбейді.

Романның басталуы оқырманға қалай әсер етсе аяқталуы да солай әсерге бөлейді. Себебі,автор кейіпкері арқылы мына жат қоғамнан құндылық іздейді. Байбура жат қоғамға туғанынан туажат болып, жаны жалғыз жабырқап, қоғамы оны, ол қоғамын жатсынып, ақыры айнаға шағылысқан қу қарағайдан ақыры үлкен жалынға айналған ОТ АЖАЛынан қашпай қарсы алып, соңғы рет боз иесі БӨРІ-АНАның жетелеуімен мына ТАМҰҚ дүниесінен кете барады. Автор генотеистік нанымды бастан ақыр Байбура мен Бөрі-Ана арасындағы тылсым қарым-қатынас арқылы көрсетеді. Бұл туралы көрнекті мәдениеттанушы ғалым Т.Ғабитов: «Генотиптік жүйе деп рулық-тайпалық қауымға тән арғы ата-текті қастерлеп, оларды жаратушы және қоғамдық өмірдің салаларындағы шешуші күш ретінде қабылдайтын сенімдер мен нанымдардың бірлігін айтады»[4,309]. Яғни, наным-сенім айналып келіп жоғары құндылыққа тірейді.

Авторлық ОЙ ҚҰНДЫЛЫҒЫНЫҢ бір парасын Байбураның мына ойынан тағы да анық байқаймыз: «*Ех, Мария, мынау от қарыған тамұққа тағы бір бейкүнә адамды әкелетініңді білмейсің*

ау... *Жазықсыз бейшара жанталаса зұмыр кешетінін қайтерсің?!»* [1,69] Тамұқ дегеніміз сонда мына біз өмір сүріп жатқан қоғам. Авторлық көзқарас авторлық құндылықты айқын көрсетеді. Себебі, қазіргі кезде руханилық тоқырауы адамдар мен қоғамның жаттығын тудырды. Адамдар бір-біріне жат бола бастады. Ол жаттық қоғамның жаттығын тудырды. Сөйтіп, өзі өмір сүріп жатқан қоғамын от ажал жайлаған жалынға айналдырды. Яғни тамұққа. Бәріне адамзаттың өзі кінәлі екенін көрсетті. Оған ешқандай да тәңіріні, тағдырды кінәлаудың қажеті жоқ екенін түсіндірді. «Тағдырыңа нали берме. Тәңіріні де араластырма! Тәңірің – әділетті сенің... Әділетсіз – адам. Сенсің әділетсіз»[1,23] Сол адамның әділетсіздігінен жақыны жат болып, жау болып, жер бетін тамұққа айналдырып жатқанын түсіндірді.

1 *Алтай А. Туажат (Тамұққа түскен сәуле). – Алматы, «Жұлдыз», 2012 (1)*

2 *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология» сериясы, №3 (49), 2014*

3 *Пірәлиева Г. Изденіс өрнектері: Әдеби сын. Зерттеу. Сұхбаттар. – Алматы: Б.Ж. - 2001. – 776б.*

4 *Ғабитов Т. Мәдениеттану. – Алматы: Қаржы-қаражат, 2003.-408 бет.*